

"Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 560 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда аталған ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

A. Мұхамбетов

Қостанай
облысы әкімдігінің
2021 жылғы 7 желтоқсандағы
№ 560 қаулысымен
бекітілген

"Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқармада осы ережеге қосымшада көрсетілген ведомстволық бағынысты үйымдары бар.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ретінде үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлери және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлғідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, М. Дулатов көшесі, 68-құрылыш.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 04.04.2023 № 139 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге рұқсат етілмейді.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттігі

13. Мақсаттары:

1) дene шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дene шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысуышылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

2) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

3) дene шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру.

4) спорттық инфракүрылымды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдана отырып, дамыту.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардан және өзге де үйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұрату және алу;

ақпараттық-тұсаукесерлік іс-шараларды, сондай-ақ Басқарманың қызметі мәселелері бойынша кеңестерді үйымдастыру және өткізу;

Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтары;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдіктің актілері мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындау;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттері.

15. Функциялары:

1) жеке адамдардың түрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шүғылдануы үшін инфракүрылым жасайды;

2) спорт түрлері бойынша облыстық жарыстарды өткізеді, сондай-ақ спорт түрлері бойынша респубикалық және халықаралық жарыстарды өткізуге, сондай-ақ жергілікті аккредиттеген респубикалық және (немесе) жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спортшы-мүгедектер арасында, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы, бұқаралық спорт бойынша жарыстарға қатысады;

3) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларын даярлауды және олардың респубикалық және халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) облыс аумағында бұқаралық спортты және мүгедектігі бар адамдар арасындағы және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

5) облыс аумағында дene шынықтыру-спорт үйымдарының қызметін үйлестіреді;

6) спортшыларға: Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

7) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

8) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

9) облыс аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

10) облыс аумағында дene шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

11) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асырады;

12) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады;

13) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың үлгілік оқу жоспарларын келіседі;

14) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

15) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

16) дene шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді;

17) спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" мәртебелері беріледі;

18) халықаралық және респубикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы респубикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі;

19) Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының құрамына кіретін (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары), спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін (ұлттық құрама командалары) спортшыларға ай сайын ақшалай үлес төлеуін әзірлейді және бекітеді;

20) дене шынықтыру мен спорт саласындағы басым спорт түрлерінің өнірлік тізбесін әзірлейді және уәкілетті органның келісіу бойынша бекітеді;

21) өз құзыреті шегінде "Қостанай облысы әкімдігінің дәне шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.04.2023 № 139 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады;

2) Басқарманың құрылымын, құрылымдық бөлімдері туралы ережені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың атынан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда әрекет етеді;

5) бірінші қол қою құқығына ие;

6) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікті атқарады;

7) Басқарма қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметкерлерін көтермелей, материалдық көмек көрсету шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Басқармада заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Костанай
облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік
спорта басқармасы" мемлекеттік
мекемесі туралы ережеге
қосынша

"Костанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бағынысты болып табылатын мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Костанай облысы әкімдігінің 04.04.2023 № 139 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Костанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қадырбек Оспанов атындағы № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Костанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Костанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4. Костанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

5. Костанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Олимпиадалық резервті даярлау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Костанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Владимир Матвиенко атындағы балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерві мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қостанай қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

8. Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Лисаков қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9. Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мүгедектер спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Алтынсарин аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ералхан Сейкенов атындағы Аманкелді аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Арқалық қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

13. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Әулиекөл аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

14. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Денисов аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

15. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жангелдин аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

16. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Футболдан балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

17. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қостанай қаласының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

18. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлерінен балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

19. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жітіқара аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

20. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қамысты аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

21. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қарабалық аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

22. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қарасу аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

23. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қостанай аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

24. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мендіқара аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

25. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Науырзым аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

26. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Рудный қалалық № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

27. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Рудный қалалық № 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

28. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бейімбет Майлип ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

29. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Гольфтан спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

30. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сарықөл аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

31. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұзынқөл аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

32. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Федоров аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

33. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шахматтан балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

34. Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жекпе жек спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК